

Ұсыныстар

COM/EC/ REC/001/FINAL

АЛТЫНШЫ ОТЫРЫС

ТҮРКПА ҚАТЫСУШЫ ЕЛДЕРДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІК КЕЛЕШЕГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

Инновацияларға салынған инвестициялардың теориялық және тәжірибелік зерттеулері келесі тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

- Бүгінгі күні ТҮРКПА қатысушы елдердің инвестициялық саясатына жаңа тәсілдемелер экономикадағы қажетті құрылымдық өзгерістерді жүзеге асырудың және елдің алдында тұрған қауіп-қатерлерге барабар жауап берудің маңызды құралы болып табылады. Мұндай тәсілдердің бірі болып бастапқы екпінді инвестициялардың мөлшеріне емес, инновациялық бағдарланудың инвестициялық ресурстардың құрылымдық алуан түрлілігінің сапасын жоғарлатуға және кеңейтуге аудару табылады.
- Инновациялық инвестициялар- ол өндірістік қызметтегі сапалы және сандық жаңғыртылуына апаратын инновациялық ресурстарды жаңғыртуға немесе жаңғыртуға үдерісіне тартылған инновациялар түрінде (техника, технология, жаңа біліктілігі бар жаңа кадрлар, ақпараттық ресурстар, интеллектуалдық ресурстар және т. б.) тартылған қаражат.
- Инновациялық технологиялар саласында басым бағыттарды жүзеге асырудың нәтижесінде ТҮРКПА мүше елдердің шағын және орта кәсіпорындары (ШОБ) үшін әр қатысушы елдің нормативтік-құқықтық базасы ТҮРКПА сайтына экономика, салық салу, ғылым және білім саласындағы ұсыныстарды жіберу арқылы парламенттік деңгейде біріктірілуі тиіс.
- Инвестициялық және инновациялық қызметті ұйымдастыру және ынталандыру үшін мемлекеттік қолдаудың мынадай әдістері пайдаланылуы керек: тікелей қаржыландыру, жеңілдік жағдайларда бюджеттік қарыздарды беру, салықтық преференцияларды

белгілеу, өнертабыстың жекелеген түрлеріне патенттік алымдарды төлеу мерзімін ұзарту, жеделдетілген амортизация және т. б.

- ТҮРКПА қатысушы елдерде инновациялық өндіріс саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру мақсатында, ТҮРКПА Экономикалық ынтымақтастық комиссиясының мүшелері мен тиісті сарапшыларды инновациялар мен жоғары технологияларды дамытуға ықпал ететін тақырыптық халықаралық экономикалық форумдарға жіберу керек. Бұл қазіргі уақыттың талабы.

- Инвестициялық және инновациялық қызметті белсендірудің маңызды механизмі болып табылады:

- венчурлық қорлармен қатар сақтандыру компаниялар мен коммерциялық банктерді қамтитын венчурлық қаржыландыру;

- барлық өңірлерде қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру, өйткені ел экономикасына инвестиция салудың тартымдылығы мен орындылығы экономикалық, әлеуметтік, саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де жағдайларға байланысты;

- кәсіпорындарға олардың негізгі құралдарын жаңартуды ұлғайту, салық салу және ғылыми зерттеулер мен әзірленімдерге (ҒЗТҚЖ) қаржыландыруды арттыру, өндіріске инновациялық өнімдерді енгізу мақсатында салықтық жүктемені азайту арқылы қолайлы экономикалық ахуалды құруға бағытталған салықтық ынталандыру жүйесі;

- жоғары технологиялық салаларды дамытуға байланысты инновациялық жобаларды қаржыландыру;

- ғылымды қажетсінетін жабдық пен құрылғылардың лизингін дамыту үшін капиталды жұмылдыру;

- бюджеттік қаражат есебінен инвестициялық және инновациялық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға қатысуда шағын кәсіпкерлікті қолдау;

- инженерлік-техникалық қызметкерлер құрамының, сондай-ақ қатысушы елдердің ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қатысушы елдер тарапынан Инвестицияларды ынталандыру және қолдауды ынталандырудың жалпы бағдарламасы шеңберінде қарастырылу қажет.